Life's Good

Жылдам орнату нұсқаулығы

LG сандық сәйкестендірілген жинағы

(МОНИТОР СӘЙКЕСТЕНДІРІЛГЕН ЖИНАҒЫ)

Жинақты іске қоспас бұрын, осы нұсқаулықты мұқият оқып шығып, кейін анықтама ретінде қолдану үшін сақтап қойыңыз.

55LV75A
55LV77A

www.lg.com


ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУ

Қосалқы құралдар


Өнімнің қорабында төмендегі заттардың бар екенін тексеріңіз. Кейбір қосалқы құралдары жетіспесе, өнімді сатқан жергілікті дилерге хабарласыңыз. Бұл нұсқаулықтағы суреттер нақты өнімнен және қосалқы құралдардан басқаша болуы мүмкін.




Ықшам диск (Пайдаланушы нұсқаулығы) / Карта




Қуат сымы




ИҚ қабылдағыш




RS-232C кабелі




DP кабелі



Қысқа тік мозаикалық бағыттағыш (4ea)




Қашықтан басқару құралы және батареялар



M4 x 6L бұранда (8ea)



M6 x 10L бұранда (4ea)



Құрастыру кабелінің түйіні (2ea) (Кабель реттеуі үшін)


АБАЙЛАҢЫЗ

- Қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, өнімнің жұмыс мерзімін арттыру үшін, мақұлданбаған өнімдерді пайдаланбаңыз.
- Мақұлданбаған өнімдерді пайдаланудан туындаған зақымдар немесе залал кепілдікке кірмейді.

ЕСКЕРТПЕ

- Өніммен бірге берілген қосалқы құралдар үлгіге байланысты өзгеріп отырады.
- Өнімнің техникалық сипаттамалары немесе осы нұсқаулықтағы мазмұн өнім функцияларының жаңартылуына байланысты алдын ала ескертусіз өзгеруі мүмкін.
- SuperSign бағдарламалық құралы мен нұсқаулық
  - LG Electronics веб-сайтынан жүктеп алу.
  - LG Electronics веб-сайтына кіріп (*http://partner.lge.com*), үлгіңіздің ең соңғы бағдарламалық құралын жүктеп алыңыз.

Өлшемдері (ені x биіктігі x қалыңдығы)/салмағы



1213,4 мм x 684,2 мм x 88,5 мм / 23 кг

Пайдаланушы нұсқаулығын қарау үшін

Компьютерге CD-ROM дискісін салыңыз.

CD-ROM автоматты түрде ашылады.(тек Window жүйесі үшін)
Егер ол автоматты түрде ашылмаса, оны төмендегі әрекеттер кезектілігімен қарауға болады.
My computer (Менің компьютерім) → Digital_LG(CD-ROM) → Index.htm Open (Ашу)
My computer (Менің компьютерім) → Digital_LG(CD-ROM) → Manual (Нұсқаулық) → Owner's manual Open (Пайдаланушы нұсқаулығын ашу)

ЕСКЕРТПЕ

Қазақстан Республикасы территориясында тұтынушылардан келіп түскен талаптар мен ұсыныстарды қарайтын және тауарды жөндеу мен техникалық қызмет көрсететін ұжым: АҚ «Эл Джи Электроникс Алматы Казахстан» , 050061, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Көкорай, 2А. Басқа сервис орталықтары жайында мағлұматты “Тұтынушыға қызмет көрсету орталығына” телефон шалу арқылы білуге болады.

ҚОЗҒАЛЫС КЕЗІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Нұсқаулықтағы суреттер өнімнің және бірге берілген заттардың нақты түрінен өзгеше болуы мүмкін.

Қорапта басылған ескерту белгілерінің талаптарын орындаңыз.



Қыстырмаңыз



Қысылған жерден құлатып алмаңыз.



Тасымалдау үшін 2 адам қажет



Абайлап тиеңіз.



Жиналып тұрған жерден құлатып алмаңыз.



Тасымалдау үшін 4 адам қажет



Көлденеңінен тасымалдамаңыз.




Көтеріп бара жатқан жерден құлатып алмаңыз.




Осы жағы жоғары/ Сынғыш/ Жауын тигізбеңіз/ Қабаттап жинау шегі — 4.


Құрылғының қорабын бір жанымен жатқызбаңыз.



Өнімді қораптың үстіне қоюға болмайды.





Өнімге сүйенуге болмайды.



ҰСТАУ КЕЗІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ


Құрылғыны 2 адам болып тасымалдаңыз. Жалғыз құрылғыны тасымалдағанда, бір қолмен тұтқасынан ұстап, екінші қолмен құрылғының астынан көтеріңіз.







Сақтық шаралары


1 Орнату алдында құрылғының бұрышындағы L тәрізді ұстағышты алып тастаңыз. Құрылғыны тасымалдағанда, L тәрізді ұстағышты орнына орнатыңыз.



2 Құрылғылардың еденге немесе бір-біріне соғылмауын қадағалаңыз. Ауа айналымы жеткілікті жерге орнатыңыз.









Сызықтық кемшіліктің себептері мен құбылысы

Құрылғыдағы сызықтық кемшілік құрылғының қырын ұрып алғанда пайда болады.




ӘЙНЕКТЕГІ СЫЗЫҚ КЕМШІЛІГІ

1 Модульдің сол/жоғарғы жақ бұрышынан соққы тиген ➞ Сол/жоғарғы жақ әйнектегі сызық жарықшағы ➞ Көлденең сызықтық кемшілік




ТАСПАДАҒЫ КРИСТАЛЛ КЕМШІЛІГІ

1 Модульдің жоғарғы жағынан соққы тиген ➞ Жоғарғы жақтағы таспадағы жарықшақ ➞ Тік сызықтық кемшілік




2 Модульдің сол жағынан соққы тиген ➞ Сол жақтағы таспадағы жарықшақ ➞ Көлденең сызықтық кемшілік




Өнімді орнату

- Нұсқаулықтағы суреттер өнімнің және бірге берілген заттардың нақты түрінен өзгеше болуы мүмкін.


1 Қораптың орағыш таспасын кесіңіз.




2 Қораптағы таспаны кесіңіз.




3 Қорапты ашып, үстіңгі орауышын алыңыз.




4 Сыртқы қорабын алыңыз.




5 Целлофан қапты ашыңыз.




6 Целлофан қапты шешіңіз.




7 Құрылғыны ЖАНЫНДАҒЫ/АРТЫНДАҒЫ тұтқасынан ұстап көтеріңіз.




8 Құрылғыны көтергенде, астыңғы орауышын алып тастаңыз.




9 Бір қолмен құрылғының астынан көтеріп, екінші қолмен құрылғыны ұстап, құрылғыны жылжытыңыз.





10 Құрылғының арт жағын үстелге жатқызыңыз.







11 Құрылғыны бет жағымен жатқызғанда, жастықша немесе төсеніш қолданыңыз.





12 Қашықтан басқару құралын қолдану үшін, инфрақызыл сәуле қабылдағышын жалғаңыз. Содан кейін, қуат сымын жалғаңыз.







Дисплейлерді қатарластыру

Құрылғыны орнату

***2 x 2 мозаикасының мысалы**






АБАЙЛАҢЫЗ

- Мониторларды бірнеше экранда көру мүмкіндігі пайдалану үшін бір-біріне жалғағанда, мониторлардың барлығында экранның түсі бірдей болмау мүмкін. Экранның түсін қолмен реттеу қажет болса, Орнату нұсқаулығын қараңыз.
- Қабырғаға бірнеше мониторды орнатқанда, инфрақызыл сәуле қабылдағышын барлық мониторға жалғаңыз немесе оларды бір-біріне қосу үшін RS-232C кабелін пайдаланып, содан кейін инфрақызыл сәуле қабылдағышын бірінші мониторға жалғаңыз.


Құралдарды қосу жолы

1 Басқа құрылғыларды VESA қабырға монтажын бекітуге арналған бұрандалармен жоғарыдағыдай қосыңыз.



Басқа құралдарға қосылған 4-құрал
(2 x 2 қатарластыру)

2 Құрылғыларды қосқаннан кейін, құрылғылардың арасындағы бос орынды реттеу үшін мозаикалық бағыттағышты пайдаланыңыз.




3 Енді 2 x 2 қатарластыруы аяқталды. 3 x 3 сияқты түрлі комбинацияларды қатарластыра аласыз. қатарластыра аласыз.


ЕСКЕРТПЕ

- Әр құрылғыға түсетін жүктемені қабырғаға бекіту тақтасы немесе VESA қабырға бекіткіші (600 x 400) қолданылған қабырға ұстап тұруы керек.
- Әр құрылғыға түсетін жүктемені VESA қабырға монтажы арқылы қабырғаға орнату тақтасы көтеріп тұруы тиіс. (Әр құрылғы қабырғаға орнату тақтасына немесе қабырғаға мықтап орнатылуы керек.)
- Құрылғыны мозаикалық бағыттағышсыз орнатуға болады және бұл құрылғының жұмысына әсер етпейді.
- Мозаикалық бағыттағыштарды орнату үшін теледидардың бұрандаларын босатыңыз. (Мозаикалық бағыттағыштарды қоса, бұрандалар басқа бөліктермен қоса қорапта болады.)

ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫ

Бұл нұсқаулықтағы сипаттамалар қашықтан басқару құралындағы түймелер негізінде берілген. Нұсқаулықты мұқият оқып, мониторды дұрыс пайдаланыңыз.
Батареяларды ауыстыру үшін, батарея қақпағын ашып, ескілерін шығарып, жаңа батареяларды (1.5 V AAA) ⊕ және ⊖ жақтарын бөлімнің ішіндегі таңбаларға келтіріп салыңыз да, батареяның қақпағын жабыңыз. Батареяларды шығару үшін, орнату әрекеттерін кері тәртіппен орындаңыз.






ҚАЗАҚША

АБАЙЛАҢЫЗ

- Ескі және жаңа батареяларды бірге салмаңыз. Қашықтан басқару құралы зақымдануы мүмкін.
- Қашықтан басқару құралын міндетті түрде монитордағы қашықтан басқару сенсорына бағыттау керек.



⏻ (ҚУАТ)
Мониторды қосады немесе өшіреді.

MONITOR ON
Мониторды қосыңыз.
MONITOR OFF
Мониторды ажыратыңыз.

1/a/A түймесі
Сандық және әріптік таңба арасында ауысады.

ARC
Aspect Ratio Mode (Кадр пішімінің режимі) режимін таңдайды.

Дыбыс деңгейін арттыру / азайту
Бұл түймешікті таңдау мүмкін емес.

PSM
Picture Status Mode (Сурет күйінің режимі) режимін таңдайды.

MUTE
Бүкіл дыбыстарды өшіреді.

ENERGY SAVING(e⎚)
Тұтынылатын энергияны азайту үшін экранның жарықтығын реттейді.


INPUT
Кіріс режимін таңдайды.

3D
Бұл түймешікті таңдау мүмкін емес.

Сан және әріп түймелері
Параметрге байланысты сандық немесе әріптік таңбаларды енгізеді.

CLEAR
Енгізілген сандық немесе әріптік таңбаны жояды.

BRIGHTNESS (Жарықтық) пернесі
Жарықтықты қашықтан басқару құралындағы жоғары және төмен түймелерін басып реттеңіз.
USB режимінде, келесі файлдар тізіміне жылжу үшін экрандық мәзірде Page (Бет) функциясы бар.



INFO ⓘ
Кіріс туралы ақпаратты көрсетеді.


SETTINGS
Негізгі мәзірлерге кіреді немесе енгізілген ақпаратты сақтап, мәзірлерден шығады.

OK
Мәзірлер мен параметрлерді таңдап, енгізуді растайды.

BACK
Пайдаланушыға пайдаланушымен әрекеттестік функциясында бір қадам артқа жылжытуға мүмкіндік береді.

SIMPLINK
SimpLink мәзірі арқылы қашықтан басқару құралымен әртүрлі мультимедиа құрылғыларын басқаруға мүмкіндік береді. (Үлгіге байланысты оған қолдау көрсетілмеуі мүмкін.)

ID ON/OFF/OFF
Сурет идентификаторының саны Орнату идентификаторымен тең болғанда мульти-дисплей жағдайында қалаған мониторды басқара аласыз.



AUTO
Суреттің орнын автоматты түрде реттейді және суреттің тұрақсыздығын барынша азайтады.
(тек RGB кіріс сигналы)

W.BAL
Ақ түс балансы мәзірін ашады.

S.MENU
(SuperSign мәзірінің пернесі)
Бұл түймені таңдау мүмкін емес.

Жылжу түймелері
Мәзірлер мен параметрлерде жылжиды.


EXIT
Экранда көрсетіліп тұрғандардың бәрін өшіріп, кез келген мәзірден монитор көрінісіне қайтады.

TILE
TILE (Мозаика) режимін таңдайды.

USB мәзірінің басқару түймелері
Мультимедиа файлының ойнатылуын басқарады.


ЕСКЕРТПЕ

Кіріс сигналын таңдаңыз.



AV → Component → RGB → HDMI → DVI-D → Dispaly Port → USB


БАЙЛАНЫС ОРНАТУ




ЕСКЕРТПЕ

- Сигнал кірісінің кабелін жалғап, бұрандаларды сағат тілімен бұрап бекітіңіз.

Қуат сымын жалғау




Сыртқы құрылғыны қосу



Тізбекпен жалғанған мониторлар

DP кабелі

Өніммен берілген кабельді немесе DisplayPort куәландырған кабельдің 1.1а немесе одан кейінгі нұсқасын пайдаланыңыз.




КӨП КӨРІНІСТІ КОНФИГУРАЦИЯ


Функцияны орнату

1 ИҚ қабылдағыш байланысы.


Өнімнің артқы жағы



2 Қуат сымын жалғау.




3 Әр құрылғы үшін құрылғы идентификаторын орнату. (* Модели 55LV75A не поддерживают функции управления вентилятором.)



4 1-құрылғыдан басқа барлық құрылғылар үшін инфрақызыл сәуле қабылдағышын алып тастау.


5 RGB байланысы.

Өнімнің артқы жағы




PC/ MAC


6 Мониторларды RS-232C кабелі арқылы тізбектеп жалғаңыз.



7 Installation Menu (Орнату мәзірі) параметрлерін орнату.




8 Tile Mode (Мозаика режимі) параметрлерін орнату. (* Модели 55LV75A не поддерживают функции управления вентилятором.)



Мозаика режимін орнату

Мозаика режимінде бірнеше мониторды жалғау арқылы бір кескінді үлкенірек масштабта көруге болады.

- **Қатарластыру күйін қосу:** Енгізілген кескін үлкейтілместен, барлық жалғанған мониторларда бірдей кескін көрсетіледі.
- **Қатарластыру күйін ажырату:** Енгізілген кескін H. Set Count (Көлденең құрылғылар саны) және V. Set Count (Тік құрылғылар саны) жолдарындағы мәнге сәйкес үлкейтіледі.
  (* Модели 55LV75A не поддерживают функции управления вентилятором.)



1X2

2 монитор қолданылғанда



Мозаика идентификаторы

2X2

4 монитор қолданылғанда



3X3

9 монитор қолданылғанда



4X4

16 монитор қолданылғанда



Сурет идентификаторы параметрін орнату


Picture ID (Сурет идентификаторы) мәзірі 1-құрылғыға жалғанған инфрақызыл сәуле қабылдағышы арқылы барлық құрылғыларды басқаруға мүмкіндік береді.

- Қашықтан басқару құралының инфрақызыл сигналы тізбектеп жалғанған RS232C кабельдері арқылы тасымалданады.
- Picture ID (Сурет идентификаторы) параметрін қашықтан басқару құралымен орнатқанда, тек Picture ID (Сурет идентификаторы) мәніне сәйкес келетін құрылғыны басқаруға болады. мыс.)
- Мысалы, Picture ID (Сурет идентификаторы) параметрін 2 мәніне орнатсаңыз, тек құрылғы идентификаторы 2 болатын мониторды басқаруға болады. Picture ID (Сурет идентификаторы) параметрі Off (Өшірулі) мәніне орнатылса, барлық мониторларды бір уақытта басқаруға болады.

2X2 Бірнеше бағытта көрсету) (Жалпы құрылғы идентификаторы: 4)




1 Installation Menu (Орнату) мәзіріндегі Total Set ID (Жалпы құрылғы идентификаторы) параметрін орнатыңыз.




Tile режимінде қосылған өнімдердің жалпы санын орнатады. Барлық құрылғылардың идентификаторы сурет идентификаторының ең үлкен мәні ретінде қолданылады.

2 Сурет идентификаторын тағайындау үшін қашықтан басқару құралындағы ON (Қосу) түймесін басыңыз.



3 Сол/оң жақ түймелерін бассаңыз немесе ON түймесін қайта-қайта бассаңыз, Picture ID (Сурет идентификаторы) параметрі OFF/1 және Total Set ID (Жалпы құрылғы идентификаторы) параметріндегі мәндер жиыны арасында ауысып отырады.



ЕСКЕРТПЕ

- Мысалы, сурет идентификаторы 2-бағытқа тағайындалған болса, жоғарғы оң жақ дисплейді (Құрылғы идентификаторы: 2) инфрақызыл сигналдар арқылы басқаруға болады.
- Әр бөлікте PICTURE (Сурет), AUDIO (Дыбыс), TIME (Уақыт), NETWORK (Желі) және MY MEDIA (Мультимедиа файлдарым) мәзірлерінің параметрлерін немесе қашықтан басқару құралындағы жылдам түймелерді өзгертуге болады.
- Сурет идентификаторлары үшін жасыл OFF (Өшіру) түймесін басқанда, барлық бөліктердің сурет идентификаторлары өшіріледі. Содан кейін қашықтан басқару құралындағы кез келген түймені басқанда, барлық бөліктер қайтадан қосылады.
- MY MEDIA (МЕНІҢ МУЛЬТИМЕДИАМ) мәзірін пайдаланғанда, суреттің идентификаторы өшеді.
- Picture ID үшін Off (Өшірулі) мәні қойылса, қашықтан басқару құралындағы түймелерді басып тұру бір уақытта бір әрекетті орындайды.


LG
Life's Good